

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылында тәрбие бағыты атқарылған іс шаралардың жылдық есебі

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 1 қыркүйек Білім күніне арналған “Кел балалар оқылық» тақырыбында 1 сыныптар үшін салтанатты жиын өткізілді. 2021-2022 оқу жылында 1 сынып оқушылары үшін алғашқы қоңырау соғылып, бүлдіршіндер мектеп табалдырығын аттады. Алғашқы сөзді мектеп директоры Ахметова Айгүл Мақсотқызы құттықтау тілегін білдіріп, 1 сынып оқушыларына салтанатты түрде «Әліппе» оқулығын табыстады. Ал 2-11 сынып оқушылары үшін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаттарымен жалғасты.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 6,7,8 – сынып оқушылары арасында қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Ана тілім – айбыным!» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Оған әр сыныптан поэзияға жаны құмар, қазақ ақындарының өлеңін сүйіп оқитын оқушылар қатынасты. Байқаудың мақсаты: талантты оқушылардың өнерін таныту және ақындық қабілеттерін ашу. Сайыскерлер Нұрметолла Әсем, Оралбай Ақбота, Асқар Кәусар, Рысқали Мөлдір, Айбекұлы Исмайл, Мейрамбекқызы Нұрбибі, Жолжан Жазира, Асыланқызы Аида, Қойшыбай Айгерім, Мырзабекова Амина, Болат Гүлнұр, Қабдолова Эльназ, Шохман Жанат, Амангелді Әл-Фараби қазақтың ақиық ақындары Мұқағали Мақатаев, Фариза Оңғарсынова, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұд Торайғыров өлеңдерін нақышына келтіріп орындады. Сайыскерлердің өнерін бағалау үшін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Адилғалиева Райхан, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Базарбаева Куляш, кітапхана меңгерушісі Медеуова Күнсұлу қазылық етті. Қорытындысында сайыскерлер жүлделі орындар мен алғыс хаттармен марапатталды.

Бас жүлде: Мырзабекова Амина, 8-сынып

1-орын: Жолжан Жазира, 7-сынып

Асыланқызы Аида, 7-сынып

2-орын: Қабдолова Эльназ, 6-сынып

Оралбай Ақбота, 6-сынып

Нұрметолла Әсем, 6-сынып

3-орын: Асқар Кәусар, 6-сынып

Қойшыбай Айгерім, 7-сынып

Амангелді Әл-Фараби, 6-сынып

Айбекұлы Исмайл, 6-сынып

Алғыс хат: Рысқали Мөлдір, 6-сынып

Мейрамбекқызы Нұрбибі, 6-сынып
Болат Гүлнұр, 6-сынып
Шохман Жанат, 6-сынып



Ағымдағы жылдың 17 қыркүйек күні жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде өзін-өзі басқару ұйымы президентін ұлықтау рәсімі өтті. Дауыс беру қорытындысы бойынша, мектеп президенти Орын Ибраһим үміткерлер арасында ең көп дауыс жинаған.

Салтанатты жиын басында мектеп басшысы Айгүл Максұтовна сөз сөйледі. Оқушыларға өткен оқу жылында атқарған үлкен жұмыстары үшін ризашылығын білдірді.

Өз лауазымына кіріспес алдында Орын Ибраһим мектеп әкімшілігі мен құрамының алдында ант беріп, өзіне жүктелген үмітті ақтайтынын айтты. Сонымен қатар, мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жаңа министрлері анықталды.

Іс-шара соңында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мектептің өзін-өзі басқару ұйымының жаңа президентін құттықтап, оған өкілеттігін куәландыратын құжат табыстады.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде "Қыз тәрбиесіне қырын қарамаған қазақ" тақырыбында Республикалық қыздар онкүндігіне орай жасақталған жоспар бойынша Сатенова Алмагүл апайдың қыздар ұйымы мүшелерімен ұйымдастырған шарасы өтті....



Алмалы орта мектебінде тарих және құқық пәні мұғалімі Ильясова Ляззат "Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ!" тақырыбында сынып сағатын өткізді....



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай Панабердиева Нұрсәуленің жетекшілігімен "Тарлан" дебат клубының мүшелерінің қатысуымен пікірсайыс турнирі болып өтті. Мақсаты: Өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру, оқушылардың бойында жауапкершілік, туған өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін дамыту.

Турнирге 4 фракциядан 8 оқушы қатысты:

Жүйріктер-Айымнұр, Ақбота

Шешендер-Мирас, Айсұлтан

Алғырлар-Дария, Құралай

Тапқырлар-Әмина, Хиуаз

Пікірсайысқа 2 қарар алынды:

1. "Бұл палата тәуелсіздік жылдарында Қазақстан көптеген жетістіктерге жетті деп есептейді".

2. "Бұл палата ата-ананың тұрақты жұмысбастылығы баланың тәрбиесіне кері әсерін тигізеді деп есептейді".

Осы аталған қарар бойынша оқушылар өз кейстерін дайындап, өткір пікірлерін ортаға салды. Ойын өте қызықты, тартысты өтті. Шара соңында фракциялар 1,2,3-дәрежелі дипломдармен марапатталды. "Үздік оратор", "Үздік спикер" номинациялары берілді.



Алмалы орта мектебінде “Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле” тақырыбында қыз балалар арасында мектепшілік бір күндік семинар өткізілді. Семинардың мақсаты: қыз балалардың бойына қыз бейнесіне тән мінез – құлық сипатын қалыптастыру. Оқушыларды бір – бірімен, айналадағы ортамен үйлесімді қарым – қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, өзара жағымды қарым – қатынасын арттыру, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Семинар барысында "Қыз Жібек" клубының төрайымы Жунусова Сауле шара барысында сөз сөйлеп, қазақ қыздары жөнінде түсінік жұмыстарын айтты, мектеп психологы Г.Надирханова қыз балаларға тренинг ұйымдастырды. Мектебіміздің оқушы қыздары өз өнерлерін ортаға салып, көрерменнің қошеметіне бөленді



"Алмалы орта мектебінде өткен “Ұлттық киімдегі бұрымды қыз” тақырыбында Алмалы орта мектебіндегі 5-11 сынып аралығында ұйымдастырылған бейнеролик байқауы мен "Қыз- ұлт келбеті" тақырыбында Алмалы орта мектебіндегі бастауыш сыныптар бойынша фотосуреттер көрмесі ұйымдастырылды.



Қазан айының 13-і күні "Отбасы -тұлғаның рухани -адамгершілік тәрбиесі негізі" тақырыбында, отбасылық құндылықтарды енгізу және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында семинар-тренинг өткізілді. Іс-шараға мектебіміздің жоғарғы санатты педагогтері, мектеп психологы, ата-аналар, оқушылар қатысты.



14 қазан күні Алмалы орта мектебінде “Зорлық-зомбылық -зомбылық туралы не ойлаймын”

" Жпнұя және бала”тақырыбында 9-сынып оқушылары және ата-аналарымен шебер сынып ұйымдастырылды.

Шара барысында оқушылар өз отбасылары туралы шағын эссе жазды. Ата-аналар "Менің күнім" тренингі арқылы өз балаларына 1күн ішінде қанша уақыт балаға көңіл бөлетіні туралы айтылды. Ал, оқушылар "Сиқырлы алақан" тренингімен сыныптас достарына сипаттама жазды. Ата-аналармен кездейсоқ оқиғалар туралы сұрақтар қойылып, пікір алмасу жүрді. Шебер сынып соңында мұғалім, ата-ана, оқушыны бейнелейтін төсбелгі құрастыру тапсырмасы берілді. Барлық тренингтер мен тапсырмаларға ата-аналар да, оқушылар да тамаша ой-пікірлер білдірді.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 2021 жылдың 13-ші қазан айында "Жас Ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының 10 жылдығы аясында өткізгелі отырған айқын мақсат межелі бағыт көшбасшы тұлғасын қалыптастыру" тақырыбындағы мектептердегі ұйым мүшелері мен көшбасшыларының қалалық слетіне арналған салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиынға мектеп директоры, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер және 6-сынып оқушылары жасұландықтар қатысты. Шара барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны шырқалды. Қалалақ слеті салтанатын ашу үшін сөз мектеп директоры Ахметова Айгүл Мақсұтқызына берілді. Ұланбасы 9-сынып оқушысы Маратов Мирас рапорт тапсырды. Мектепшілік Жасұлан ұйымының тәлімгері Әсел Қонысбайқызы Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінің ұландары Жасұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымына 10 жылдығына орай өткізгелі отырған

қалалық слетіне қатысуға дайын. Рапорт берілді. Рапорт беруші Ұланбасы Маратов Мирас. Жасұландықтар Жас Ұланға 10 жылдығына орай тақпақтар айтылды. Мектебіміздің жас өнерпаздары 5 "ә"-сынып оқушылары Бекболат Иса және Бекболат Бақберген "Мәңгілік ел" әнімен көрерменнің қошеметіне бөленді.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 4 сыныптар арасында ұйымдастырылған кезекші іс-шаралар. Жаңа стандарттарда бастауыштағы оқушының оқу құзыретін қалыптастыру үшін әдеби оқу үйрену басымдық болып табылады. Әрине, адамның кітапқа деген қатынасы бастауыш мектеп жасында қалыптасады. Оңтайлы оқуға үйретудің біршама тиімді резервтерін атап айтуға болады. Соның бірі қазақ ертегілерін насихаттау, кітап оқуға деген құзыретін дамыту.



"Отбасы құндылығы" тақырыбындағы 4 сынып жетекшілерінің ұйымдастырған өткен кездесу кеші



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 9"ә" сыныбында "Әдебиет білгірлері" сабағы ұйымдастырылды.



«Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра. Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» онкүндік іс-шаралар күнделігінен...

□ Қазақтың бағзыдан келе жатқан қасиетті аспабы – ұлтымыздың киесі, қасиеті һәм қазынасы. Оның тарихы ғасырлар қойнауында жатқаны белгілі.

□ Бабадан қалған бағалы мұрамызды қастерлеп, келер ұрпаққа аманаттау – әр қазақтың парызы деп білеміз.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде қайырымдылық іс-шарасы өтті. Қайырымдылық- ізгіліктің нақты көрінісі, адамның асыл қасиеттерінің бірі. Ұстаз өз шәкірттеріне қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылдырар тұлға.

Мұқтажы өтелген жанның қуанышын көру, батасын алып, ризашылығына бөлену шынында керемет сезімге бөлейтініде рас. Осы орайда мектебіміздің педагогикалық ұжымы шарапаты мол қайырымдылық іс-шара ұйымдастырып өткізді. Іс-шараның мақсаты мұқтаж жандарға қайырымдылық пен рухани демеу беру болатын.

Болашақта еліміздің өркендеуіне білімді жастар ғана биік асулардан аса алатынын ескерсек, балаларға жасаған қамқорлық елімізге еселеп қайтатыны анық. Ел тірегі, ертеңіміздің кепілі – жас ұрпақ!

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінің 1 "ә" сыныбында Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жылдығына арналған

«Кел, балалар оқылық!» атты тәрбие шарасы өтті.

□Тәрбие шарасының мақсаты: Ыбырай Алтынсариннің өмірімен таныстыру.Ы.Алтынсарин туралы түсініктерін кеңейту. Оның өлеңдері мен әңгімелерін,мертегілерін оқытып,мағынасын түсіндіру. Білімге деген ынталарын, құлшыныстарын арттыру. Еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.Отанды сүйуге,құрметтеп қастерлеуге,өз елін,тегін тарихын білуге тәрбиелеу. Оқушыларға патриоттық, эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру . Ы.Алтынсариннің

ертегілерін, әңгімелерін оқи отырып қуыршақ театр, көлеңке театр, кейіпкерлерін өздері ойнауға баулу.




Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбының күз мезгіліне арналған „Күз кереметі,, атты ертеңгілік шарасы өтті.

□Тәрбие шараның мақсаты: Күз мезгілі туралы алған білімдерін тиянақтау, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл - күй сыйлау.



Адам әдебімен көрікті», — дейді қазақ халқы. Халқымыздың осынау «әдеп», «әдептілік» ұғымының мәнісі тамыры терең ұлттық рухани мәдениетімізден бастау алады. Олай дейтініміз, адамның сөйлеу мәнері, іс-қимылы, жүріс-тұрысы, өзін ұстай білуі оның мәдениетті, әдепті екендігін аңғартады. Адамның бойынан әдептілік қасиеттің көрінісі — ол парасаттылық пен адамгершілік. Әдептілік – адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы болып табылады. Ол қоғамда, үйдегі тәлім-тәрбиенің негізінде қалыптасады. Осыған орай Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінің "Дарын" өзі-өзі басқару ұйымының парламент мүшелері "Әдептілік-адамгершілік белгісі"тақырыбында қоғамдық көліктерде әдептілікті насихаттап бейнебаян түсірді...

"Әдептілік-адамгершілік белгісі" тақырыбында сыныптар арасында сынып сағаты өткізілді.





Қайырымдылық- ізгіліктің нақты көрінісі, адамның асыл қасиеттерінің бірі.

Адам өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Мұқтажы өтелген жанның қуанышын көру, ризашылығына бөлену шынында керемет сезімге бөлейтініде рас. Мектебіміздің "Жас мектеп" жас мамандар ұйымының ұйымдастыруымен Ерекше білімді қажет ететін және үйден оқитын оқушыларымызға арналған «Кең жүректі жас маман» қайырымдылық іс-шарасы болып өтті. Іс-шараның мақсаты қайырымдылық пен рухани демеу беру.



БЕРЕКЕЛІ МЕРЕКЕЛІ АЛТЫН КҮЗ!

Мектебімізде Шағын ортадық, МАД, бастауыш сыныптар (1-4) арасында мектепшілік шебер қолдар көрме байқауы ұйымдастырылды.



Мектебімізде "Күздің сұлу бейнесі" тақырыбында 5-6 сыныптар арасында фото галлерия байқауы ұйымдастырылды.



Мектепшілік "Күз ханзадасы мен күз ханшайымы" тақырыбында 7-11 сыныптар арасында байқау ұйымдастырылды.



"Беркелі, мерекелі Алтын күз" □

□ Мектепке дейінгі топтар арасында өткен көрме жұмысына ұсынылған жұмыстары



25.11.2021 жылы Алмалы орта мектебінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге ала отырып, «Қоғамға қауіп төндіретін ұйымдармен күрес» тақырыбында 9 - 11 сыныптар арасындағы дөңгелек үстел өтті. Тәрбиелік шара экстремизм, терроризм, радикализм терминдеріне түсінік беру, Қазақстан Республикасындағы лаңкестікпен қарсы күрестің құқықтық негіздері, қазіргі таңдағы ахуал жөнінде мағлұмат беру, келер ұрпақ жас өренді

өмір қауіпсіздігі, жанашырлыққа, бейбіт рухтағы адами қасиеттерге тәрбиелеу мақсатын көздеді.

Дөңгелек үстелге тәрбие ж.ж. орынбасар Р.Әділғалиева, тарих пәні мұғалімі Л.Ильясова қатысты. Тәрбие орталығының жоспарына сәйкес дінтану пәнінің мұғалімі А.Тәжиеваның ұйымдастыруымен елімізде өткен «Жусан» операциясы, қандастарымыздың Сириядағы соғысқа араласуы олардың отбасына, ата-анасына, туған-туыстарына қаншалықты қасірет әкелгендігі туралы бейнебаян, слайдтар арқылы талқыланып, оқушылар ҰҚК қызметкерлері, дінтанушы, оқиға кейіпкері рөлдерінде белсенділік танытып, өз ойларын бөлісті, қойған сұрақтарына жауаптар алды. Дінтану пәні мұғалімі А. Тәжиева жас жеткіншектерді өзіміздің дінімізге берік болуымызға, басқа теріс ағымдағы діндерден аулақ болуға шақырып, қоғамға қауіп төндіретін теріс ағымдағы ұйымдардың көздеген мақсаты мен саясаты туралы мағлұматтар берді.



Балалардың дене бітімі дұрыс жетілуі үшін және спорттық дене шынықтырудың маңызын түсіндіру, қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. □ Балалар арасындағы ынтымақтастыққа өзара бірлесе қимыл жасауды дамыту.

□ «Өмір негізі – денсаулық; Денсаулық негізі – спорт;» деген сөздің мақсатын түсіндіру мақсатында мектебімізде

□ "Бақытты ана, бақытты бала, бақытты ел" тақырыбында мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ӘБ ұйымдастыруымен отбасылық спорттық сайыс болып өтті.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 13-18 қыркүйек аралығында мектеп бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында арнайы кесте жасақтап әр сыныпқа психологиялық кеңес жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту, адамның ең басты құндылығы оның бас бостандығы, оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғау, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау мақсатында мектеп психологі Гүлдана Надирханова оқушылармен түсінік жұмыстары мен тренинг өткізді.



Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту.

Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау мақсатында 5-11 сынып оқушылар арасында "Мен зорлық зомбылыққа қарсымын" сауалнамасы өткізілді.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде "Бала құқығы - адам құқығы" тақырыбында мектебіміздің балалар өкілдігі Қуатова Дильназ өзі-өзі басқару ұйымы мүшелерімен отырыс өткізді...



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 5-11 сынып оқушылар арасында «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында түсінік жұмыстары жүргізілді. Буллинг пен кибербуллинг дегеніміз не, Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін? Буллинктің түрлері, Кибербуллинг түрлері, Әлеуметтік желідегі қауіпсіздік, Біреу сені қорқытып қорлап жүрген жағдайда не істеу керек? Егер сен өзің біреуді қорлап жүрген болсаң ше? Неліктен адамдар бір-бірін қорлап, қиянат жасайды? Кибербуллингмен күресуге арналған кеңестер мен сұрақтарға жауап айтылды.



"Мәңгілік елдің болашағымыз"

Бастауыш сыныптар бірлестігінің онкүндігі аясында өткізіліп жатқан іс-шаралардың бірі 2-4 сыныптарда "Ертегілер елінде" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.



"Алтын адам" шеруі


Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде еліміздің, туған жеріміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік дамуына үлес қосқан тарихи тұлғалар өнегесін насихаттау, жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейту, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында «Тарихи тұлғалар тағылымы» жобасы аясында, Қазақ мемлекеттілігін құрып, қалыптастырған, ел басына күн туған мезетте Ел қорғаған батырлар, көп насихатталмай жүрген мемлекет қайраткерлері туралы галерея ұйымдастырылды.



8 қараша күні Үміт жастар орталығының мамандары қыздар арасында “Ерте жүктіліктің алдын алу”, ұлдар арасында “Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу” тақырыбында түсінік жұмыстарын жүргізді.


БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

- Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде ерекше білімді қажет ететін оқушыларға "Бақытты балалық шақ!" тақырыбында тәрбиелік шара өткізілді.
- Бұл шараға мектеп психологі Г. Надирханова мен мектеп тәлімгері А.Утемисова оқушыларға видеокөрсетілімдер мен өздеріне берілген тапсырмалар бойынша суреттер мен сыйлықтарда жасырылған жұмбақтар мен мақал мәтелдерге оқушылар жауап берді.
- Бұл шарада оқушылар көтеріңкі көңіл күймен қатысып, жақсы әсер алды.



Алмалы орта мектебінде 6в сынып ата-аналары арасында бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында зум платформасы арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, "Вейп - денсаулыққа өте қауіпті" екені айтылды. Дүкен сөрелерінде әр түрлі қаптамада сан түрлі дәмі бар бір реттік вейптер құны небәрі екі мың теңгеден басталатын арзан у кәмелетке толмаған жеткіншектерге емін еркін сатылып жатқаны ескертілді.

Қайта қуаттандыруды қажет етпейтін құрамында никотині темекіден 2,5 есе жоғары бір реттік вейптер, балалар арасында "однаразка" деп аталып сәнге айналып бара жатқан электронды темекінің бала ағзасына қаншалықты зиян екендігі түсіндірілді. Әр баланың өміріне үлкен жауапкершілікпен қарап, балаларымыздың әр ісіне қырағылық танытуымыз керек.



Тәуелсіздікке 30 жыл □ □

Мектепалды даярлық, бастауыш, жоғарғы сыныптарында өткізілген тәрбие шарасы өткізілді.



ОҚУҒА □ КҰШТАР □ МЕКТЕП

□ Жоба аясында 4 сыныптар бойынша мектеп кітапханасында "Кітап ақылға қуат беретін құрал" тақырыбында кітапхана меңгерушісі Кунсулу Медеуова бірлескен іс-шара болып өтті.




Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл және "Жас Ұлан" ББЖҰ-на 10 жыл толуы қарсаңында "Ұланымыз ұлы елдің" Республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жылдық жоспарына сәйкес 14-желтоқсан күні "Жас Ұлан", "Жас Қыран" ұйымына қабылдау салтанатты кеші өткізілді. Қабылданатын оқушылар "Жас Ұлан", "Жас Қыран" қатарына өтудің жауапкершіліктің мол екенін сезіне білді. Оның қатарына қабылданған оқушы мектептің қоғамдық жұмысына белсене араласып және сабақтарын жақсы оқып, өз елінің мақтанышы болатын азамат болуына міндеттейтінін сезінді. "Жас Ұлан" ұйымына мектебіміздің 25 оқушы, "Жас Қыран" 22 оқушы қабылданды. Салтанатты шара барысында оқушылар ант қабылдап, елінің патриоты болуға, тілін, дінін, салт-дәстүрін құрметтеуге, еліне адал азамат болуға салтанатты түрде ант берді.




Қызыққа толы қысқы демалыс *

Қысқы демалыс кезінде "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 3а сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Қызылқанатова Айнагулдің ұйымдастырған шарасы



Кітаппен өткен демалыс күнім қызықты 3"а" сыныбы

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 2022 жылдың қаңтар айының 26-сы күні Атырау КПБ ЖПК ЮПБ УПИ-ы қалалық полиция капитаны Көпжасаров Рахат Алтынбекович және Атырау КПБ ЖПК ЮПБ УПИ-ы қалалық полиция капитаны Өтениязов Ерлан Маратовичтың қатысуымен «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» және «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздіктер» тақырыбында мектеп оқушыларына, жоғары сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мектеп оқушылары өздерінің ойларындағы сұрақтарын қойып, өздеріне қажетті сұрақтарына жауап алды.



Мектебімізде тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толу мерейтойына арналған "Ұлт руханиятының көшбасшысы" атты конференция болып өтті. Мақсаты: А.Байтұрсынұлы шығармаларын жан-жақты танып білу, әдеби шығармаларын көпшілік назарына ұсыну, дәріптеу.

Шараға мектеп директорының тәрбие жұмысының орынбасары Адилғалиева Райхан, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Мизамбаева Толқын, Телеубаева Айман, Панабердиева Нұрсәуле, тәжірибеден өтуші машықкер Жасенова Алтынай және кітапхана қызметкерлері Сисенғалиева Алтыншаш, Медеуова Күнсұлу қатысты. Конференцияда мынадай тақырыптар қамтылды:

1. "Қазақ халқының рухани көсемі"
2. "Ахметтің ақындығы және Қазақ жазуы"
3. "Алаштың Ахметі"

4. "Ахмет Байтұрсынұлы - аудармашы, ғалым"

5. "Ахмет Байтұрсынұлы қалдырған рухани мұралар"

6. "Ахаңның сазгерлік қыры"

Шара соңында атамызға арнап шығарылған "Ахмет-ұлт ұстазы" фильмі тамашаланды.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде ақпан айында "Нашақорлық-ғасыр дерті" атты сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық зиянды заттардың белең алып бара жатырғандығын ескере отырып, оны болдырмаудың алдын-алуға тәрбиелеу, оларды жаман әдеттерден сақтандыру. Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру.



18.02.2022 күні 9 сынып оқушыларымен «Мамандық таңдай білу» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты: оқушылардың өмір туралы, мамандық туралы көзқарастарын дамыту, алда мамандық таңдауға дұрыс бағдар беру.

Міндеті: мамандықтарды талдай білуге үйрету;

Алғыс айту күні - қасиетті де салтанатты күн.

□ Алғыс айту күні Қазақстан халқына тән асыл қасиеттер - патриотизм, абырой мен әділдік, құрметтеу мен ізгілік қосымша серпін алады. Бұл күні біз, ата-бабаларымызды ризашылықпен еске аламыз, ата-аналарымызға, мұғалімдерімізге, зейнеткерлерге, ардагерлерге, бір-бірімізге алғыс айтып, халқымыздың қайырымдылық дәстүрлерін жалғастырамыз.

□ Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде алғыс айту күніне тақырыпқа сай шаралар ұйымдастырылды.

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде "Мен сенің өміріңнің жалғасымын" тақырыбында 6-шы сынып ұл балаларының қатысуымен өткізілген шарада, отбасындағы әкенің орны, ұл бала тәрбиесіндегі беделі, жеті ата мен туыскандық қарым-қатынас туралы айтылды.

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде жалпы қазіргі таңда өскелең ұрпақты құбылмалы заманға бейімдеу өзекті мәселе болып отырғандықтан оқушыларды адалдыққа, шыншыл болуға тәрбиелей отырып болашақта сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында "Біздің таңдауымыз заңға бағынатын тұлға болу" тақырыбында "Адал ұрпақ" клубы мүшелерімен жетекшісі Сатенова Алмагүл әңгімелесу отырыс ұйымдастырды



"Мәңгілік елдің болашағымыз" атты бастауыш сыныптар онкүндігі жалғасуда...

□ Мәнерлеп оқу сайысы

□ Сайыстың мақсаты: Оқушылардың екпінді дұрыс қоя білу, оқу мәнерін меңгеру, дауысты өлеңнің ой - мазмұнына сай баяу, жігерлі оқу немесе тілек, сұрақ, көңіл күйді көтеріңкі үнде оқи білу машықтарын байқау, бағалау. Балалардың дүниетанымын дамыту, өлең сөзге деген қызығушылықтарын арттыру. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында 4 сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы өтті.

□ Ұйыдастырушылар: 4 сынып мұғалімдері

"Мәңгілік елдің ұланымыз" бастауыш сыныптар онкүндігінен...

□ «Туған жердің тарланы» □

□ Мақсаты: Өз ауылымыздан түлеп ұшқан, бүгінде халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген өнер адамдарының өнегелі ісін, өмір жолдарын үлгі ете отырып, жас ұрпақтың жеріне, еліне, өнерге деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

□ Шақырылған қонақтар: М.Өтемісұлы атындағы драма театрының актеры, Әнші Асхат Мұса, мектеп кітапханашылары, мектеп әкімшілігі, ұстаздар.

□ Атырау өлкесі-әнге, жырға бай өлке. Бұл өлкеден талай таланттар шыққан, олар қазақ өнерінің мерейін аспандатқан.

□ Күй атасы-Құрманғазы мен күй анасы-Дина, өлеңдері өр суындай өр акын Махамбет, адуынды акын Хамит Ерғалиев, қазақтың аяулы акын қызы Фариза Оңғарсынова, сөз зергері Рахымжан Отарбаев, біртуар бард акын Табыл Досымов сияқты көптеген ұлы тұлғалар осы киелі өңірде дүниеге келгендігін мақтаныш етеміз.

□ Міне сондай атақты акын, әнші бабаларымыздың даңқты жолын жалғастырып келе жатқан осы мектептің түлегі, М.Өтемісұлы атындағы академиялық драма театрының актеры, «Үміт» сыйлығының иегері, «Сүйінбай» қойылымында Қырғыздың Қатаған ақынымен «Үздік ер адам» бейнесін сомдаған, елге танымал талантты әнші Асхат Мұса бүгін ортамызда қонақта.

“Жас мамандар мектебінің” жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың 18.02 күні, ЖББ «Алмалы орта мектебінің» орыс тілі және әдебиеті пәнінің жоғары санаттағы мұғалімі Калиева Светлана Тұраққызы 6 «ә» сыныбына Словесные «раскопи» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Оған мектебіміздің жас ұстаздары қатысып, біраз тәжірибе жинақтады. Тәжірибелі ұстаз өзінің сабағында «Балық қаңқасы», «Синквейн», «Кластер», «Кейс» әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабақ өз мақсатына жетіп, кері байланыс, бағалау тиімді өтті.

Жас тәлім алушылар Светлана Тұраққызына алғыстарын білдірді.

Эстетикалық пәндер бірлестігінің апталық жұмысының күнделігінен...

□ Апталық барысында ұйымдастырылған іс-шараларға белсене қатысқан мектеп оқушылары арнайы номинациялық дипломдар мен тәттілермен марапатталды.

□ Эстетикалық пәндер апталығының іс-шаралар күнделігінен

□ Қамшы өру және жасау.

□ Шараның мақсаты: Оқушыларға иленген теріден қамшы өруді меңгерту.

□ Қазақ халқының мәдени-тұрмысында, салт-дәстүрінде, рухани зердесінде қамшының алатын орны ерекше.

□ Қамшы өнер туындысы, сый-сыяпаттың төресі, ержігіттің серігі, айбыны, шаңырақтың киесі, тіпті кейде батырдың қаруы да болған. Оны жай ғана ат айдайтын құрал дей салуға болмайды.

□ Бұл қолөнер туындысы, атадан балаға мирас болып қалатын асыл мұра. Ата-бабаларымыз қамшысы арқылы өз көз қарасын, ниетін, қарым-қатынасын білдірген, біз мұны қамшыға байланысты ой орамдармен тарқатып көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ергазы Мухамбетов ұл балаларға іс-тәжірибеде көрсетті.

Өнерлінің қолы алтын □

□ 14 наурыз күні мектебімізде Эстетикалық пәндер апталығы бастау алды.

□ Апталық мектебіміздің өнерлі оқушылары мен пән мұғалімдерінің музыкалық көрініс қойылымымен салтанатты түрде ашылды.



Алмалы орта мектебінің 6-сынып оқушылары арасында мектепішілік "Алғашқы қадам" пікірсайыс турнирі болып өтті. Ойын КПФ форматында болды. Оған 3 оқушыдан құралған 6 фракция қатысты.

Мақсаты: Дебат ойынына қызығушылығы бар оқушылардың қабілетін ашу, мәдениеттілікке, ойын еркін жеткізуге, ораторлыққа баулу.

Дебат қарарлары төмендегідей болды:

1. Заманауи әлемде байлық білімнен артық деп есептейміз/есептемейміз

2. Электронды кітаптар қағаз кітаптардың орнын баса алады/баса алмайды

3. Телефон баланың білім алуына кедергі келтіреді/келтірмейді

Ойын соңында оқушылар дипломдармен, номинациялармен марапатталды.

#Balaqorgau

□ Біздің жұмысымыз-балаларды қорғау!


Егер сен оқу орнында немесе үйінде қиын жағдайға тап болсаң, не істеу керек екенін білмесең, сені тыңдап, саған кеңес бере алатын ересек адамның көмегі қажет болса, осы сайтта әр түрлі жағдайда қолдануға болатын кеңестерге тізімін таба аласың!

□ Bala.gov.kz

□ Bala Qorgau жобасы - оқушыларға және олардың ата-аналарына көмек...

 balaqorgau

**Bala Qorgau жобасы -
оқушыларға және олардың
ата-аналарына көмек**



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 16-18 наурыз күндері Атырау қаласы полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімі ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік инспекторы, полиция капитаны Сүйіндіков Наурызбай Төрегелдіұлы және мектеп психологы Надирханова Гүлдана, мектеп тәлімгері Утемисова Асел «Жанұя және бала» тақырыбында жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында 16-19 наурыз күндері 5-11 сынып оқушыларының арасында жиналыс өткізіліп, анонимдік сауалнамалар жүргізілді.

18 наурыз күні ата-аналармен зорлық-зомбылықтың алдын-алу тақырыбында ZOOM платформасында жиналыс өткізіліп, сұрақтарға жауап берді.



Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын!

Наурыз – жыл басы, күн мен түннің теңелетін, тіршілік әлемнің қайта түлейтін, ақтың молаятын кезі.

Достық пен бірліктің, жаңарудың, ынтымақ пен мейірімділіктің нышаны.

Сол себепті бұл күні жақсы тілек айтып, кешірімді болу және мейірімділік таныту өте маңызды.

Баршаңызға мықты денсаулық, молшылық, татулық, әр шаңыраққа құт-береке, бақ тілеймін! Барлық игілікті істеріміз табысты болсын!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Эстетикалық пәндер бірлестігінің апталық шеруінен...



□ Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында "Бинго" әдісі арқылы қазақ халқының салт-дәстүрлерін, мәдениетін, ақын-жазушыларын дәріптеуде әртүрлі сұрақтарды жасыру арқылы ұйымдастырылған іс-шаралары.

Наурыз мерекесіне орай 3 сыныптарда "Қош келдің Наурыз" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

□ Сынып сағаты барысында қазақтың ұлттық ойындары және дәстүрлері көрсетілді.

□ Сынып жетекшілері: Айнагуль Кизилканатова, Жансая Иманмадиева



Наурыз мерекесіне орай МАД топтарында "Қош келдің Наурыз" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

□ Сынып сағаты барысында қазақтың ұлттық ойындары және дәстүрлері көрсетілді.

□ Сынып жетекшілері: Шынар Сариева Жанна Кусинова, Рахима Адиямовна, Аспет Хайролла

◆ Мерекелік дебат ұйымдастырылды

- ◆Қазіргі және дәстүрлі өмір салтында өзгерістер бар ма?
- ◆ Заманауи жастар салт - дәстүрді алып дәріптей алама?
- ◆Осы тақырып аясында дебат болды.
- ◆Екі фракция болды: Наурыз және Асар.
- "Наурыз" фракциясы жақтаушы.
- Ал "Асар" фракциясы даттаушы.
- Әр спикер өз ойларын жақсы жеткізді.

Наурыз мерекесіне орай шағын орталық топтарында "Қош келдің Наурыз" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

- ☐ Сынып сағаты барысында қазақтың ұлттық ойындары және дәстүрлері көрсетілді.
- ☐ Сынып жетекшілері: Роза Кызылканатова , Айгул Сабирова



Наурыз мерекесіне орай 1 сыныптарда "Наурыз-жыл басы" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

- ☐ Сынып сағаты барысында қазақтың ұлттық ойындары және дәстүрлері көрсетілді.
- ☐ Сынып жетекшілері: Санжан Жакиева ,
- Кундыз Жагыпарова , Алмагул Тлекбай, Айнур Байтанова

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде тәрбие орталығының сәуір айындағы жоспарына сәйкес "Ту-көгімде, Елтаңба-төрімде, Өнұран-көкірегімде" тақырыбындағы 4 сыныптарда өткен бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Сынып сағатының мақсаты: оқушылардың аса маңызды мемлекеттік белгілер - рәміздер жөніндегі білімдерін жан-жақты сарапқа салу, оларға мемлекеттік белгілердің аса маңызды екенін ұғындыру, оны ерекше құрметтеп, мақтан тұту керектігін ашып көрсету, Отаншылдық, ұлтжандылыққа, өз елін, тегін, тарихын сүйуге тәрбиелеу, Ой-өрісін, танымдық қабілетін, жеке дара тұлға ретінде дамыту.

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінің кітапханасында «Абай – кемел ойдың кемегері» атты кітап көрмесі жасақталып, оқырмандар назарына ұсынылды.

- ☐ Сыныптарда Абай өмірі мен шығармашылығын насихаттайтын тәрбие шаралары ұйымдастырылды.

«Адамгершілік-асыл қасиет» атты қайырымдылық жәрмеңкесі

- ☐ Қайырымдық-халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі «Жанашырлыққа жан риза» дегендей, оқушылардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу-әрбір адамның азаматтық парызы.

- Адам өміріндегі ең игі істердің бірі-мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам басады.
- Осыған орай, Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 8 сынып оқушылары және сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Адамгершілік-асыл қасиет» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді.
- Оқушылар өздерінің қолынан жасаған түрлі бұйымдарымен қатар уйден пісірілген тәтті тағамдарын алып келіп жәрмеңкеге қойылды.
- Бұл жәрмеңкеден 20 000 (жиырма мың) теңге жиналып аз қамтылған отбасыға қаржылай көмек көрсетілді.



Алмалы орта мектебінің "Айбын" тобы қалалық "Тәртіп сақшысы" байқауында ерекше белсенділігімен көзге түсіп,
 II дәрежелі дипломмен марапатталды.
 Жетекшісі: Утемисова Асель, Наурызбай Сүйіндіков



"Әдептілік-тәрбие бастауы" тақырыбында тәрбиелік шара өтті.

- Шараның мақсаты: Оқушыларды кішіпейілдікке, үлкендерді сыйлауға, көмектесуге үйрету. Жақсы қасиеттерді бойына сіңіре отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын таным белсенділігін арттыру. Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.
- Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі: Салиева Эльвира Нажматдиновна

Елімізде ғарышкерлер күні қарсаңында өткізілген «Ғарыш әлеміне саяхат» тақырыбында 8 сыныптар арасында өткізіп отыр.

Тақырыбы: Ғарыш әлеміне саяхат.

Мақсаты: Ғарыш кеңістігін игерудегі жетістіктерді қазіргі өмірмен байланыстыра отырып түсіндіру. Оқушылардың тарихи, ғылыми танымын кеңейту, білімділігін арттыру.

Әлемде 200-ден астам мемлекет болса, солардың қатарында ғарышқа өз перзентін ұшырған елдер саусақпен санарлықтай ғана. Әлемде өз ұлтынан үш немесе одан да көп азаматы ғарышқа көтерілген 9 ғана мемлекет бар екен. Міне, солардың қатарында біздің де еліміз бар екенін мақтанышпен айта аламыз.

Барша ғарышкерлерді бүгінгі мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 12.04.2022 жылы тәлімгер Утемисова Асель, мектеп психологы Надирханова Гүлдана 7 сыныпта оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы мақсатында “Қауіпсіз интернет” тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Ашық сабақ барысында “Интернетке қаншалықты тәуелдісіз” тақырыбында сауалнама өткізіліп, интернеттің зияны мен пайдасы туралы оқушылар өз ойымен бөлісті.

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 8.04 күні 7 "ә" сыныбымен Омарова Ақмарал мектеп мейірбекесімен "Дені саудың тәні сау" тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді. Шараның мақсаты: денсаулық туралы ұғымдарын кеңейту, шымыр да шапшаң, білімді бала тәрбиелеу, салауатты өмір сүруді, тазалық, дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасын дәріптеу.

□ Сынып жетекшісі: Хасенова С. М.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 4-сыныптар арасында 12 сәуір-Ғарышкерлер күніне орай “Ғарыш әлеміне саяхат” тақырыбында сынып сағаты болып өтті.

□□ Сынып сағатының мақсаты: оқушыларға ғарыш әлемі, ғарышкерлер күні туралы мағлұмат беру. Ғарыш әлеміне саяхат арқылы оқушылардың ғарыштың адам өміріндегі маңызы туралы білімін тереңдету.

□□ Сынып сағатында оқушыларға қазақ ғарышкерлерінің өмірі мен аспан әлеміндегі таңғажайыптары жайында қызықты деректер көрсетілді.

□□ Оқушылар “Мен танитын ғарышкер” тақырыбында топтастыру жұмысын жасады. Әр топ басшысы тақтаға шығып өз жұмыстарын қорғап айтып шықты. Одан әрі әр топ “жедел сұрақ” ғарыш әлемі туралы сұрақтарға жауап беріп, пікірлесті.

□□ “Бір айналым сөйлесу” арқылы бүгінгі сынып сағатында өткендері туралы оқушылар айтып берді.

Сынып сағаты өз мақсатына жетті.

Елімізде ғарышкерлер күні қарсаңында өткізілген «Ғарыш әлеміне саяхат» тақырыбында 1 сыныптар арасында өткізіп отыр.

□□Тақырыбы: Ғарыш әлеміне саяхат.

□□Мақсаты: Ғарыш кеңістігін игерудегі жетістіктерді қазіргі өмірмен байланыстыра отырып түсіндіру. Оқушылардың тарихи, ғылыми танымын кеңейту, білімділігін арттыру.

□ Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде Қ.И.Сәтпаевтың 123 жылдығына орай алғашқы академик, көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаев жайлы мағлұмат беру мақсатында 12.04 күні тарих пәні мұғалімі Тажиева Алтын ұйымдастыруымен 10 сыныптарға “Қ.Сәтпаев - жан жақты ғалым” тақырыбында, 13.04 күні тарих пәні мұғалімі Ильясова Ляззат ұйымдастыруымен 9 сыныптарға “Ұлтының ұлы перзенті Қ.Сәтпаевқа 123 жыл” тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Ғарышкерлер күніне орай 3 сыныптарда бірыңғай сынып сағаттары өтті.

□□ Мақсаты: Адам баласының ғарышты игерудегі жетістіктері, оның ғылыми маңызы жайында мағлұмат беру.

Мектепішілік "Үздік бастауыш сынып мұғалімі" байқауы өз мәресіне жетті.

□ Нәтижесінде байқаудың жеңімпазы Ардақ Ескендірова Асылбекқызы "Бас жүлдені" □ иеленіп қалалық кезеңге жолдама алды.

□ дәрежелі димплом Мөлдір Тәжиева Русланбекқызына бұйырса,

□ дәрежелі дипломмен Құндыз Жағыпарқызы, Сәнжан Өтесінқызы марапатталды.

□ дәрежелі дипломды Айнагүл Алпысбайқызы, Гүлсім Жұбанқызы, Айнур Байтанова Райқызы, Алмажай Мынжасова Орынбасарқызы иеленді.

□ Сондай-ақ "Алғыс хат" Алмагүл Тілекбайқызы қанжығасына байлады. Қалған қатысушылар "Үздік қысқа мерзімді жоспарлау", "Үздік шығармашылық жұмыс", "Үздік портфолио" номинацияларымен марапатталды.

□ Байқауға қатысып, тәжірибелерімен бөліскен бастауыш сынып әлістемелік бірлестігі мүшелеріне мектеп әкімшілігі атынан алғысымызды білдіреміз!



Атырау облыстық ішкі саясат басқармасының 2022 жылдың 31-наурыздағы N 06-01--12-08-6/329 санды хатын басшылыққа ала отырып, қазақтың ұлттық ойындары асық ойнау, қол күрес, арқан тартыс, қазақша күрес ойындары арқылы балалардың бойына қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрып, туған елге, жерге өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу мақсатында жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 21.04.2022 күні "Рухани жаңғыру" бағдарламасының "Дәстүр мен ғұрып" арнайы жобасы аясында 7,8,9 сынып оқушылары арасында дене шынықтыру пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен ұлттық спорт ойындары апталығы өткізілді.

Жастарды қолдау саясаты әрқашан мемлекет назарынан түскен емес. Еліміздің болашағы – бүгінгі жастардың қолында.

- Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде "Жас мектеп" жас мамандар клубының жылдық жоспарына сәйкес Баян Закиева Жакешқызының ұйымдастыруымен "Үздік жас маман-2022" байқауы ұйымдастырылды.
- Байқаудың мақсаты: Жас ұстаздардың біліктілігін, жан - жақты өз кәсібінің шебері екендігін сынау арқылы, оларды іскерлікке, мәдениеттілікке, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарауға бар күш жігерін жұмсауға баулу.
- Аталмыш байқауға мектебіміздің 15 жас маман қатыстып, бақтарын сынады.
- Әділ қазылар алқасының мүшелері төрт кезең бойынша қатысушылардың бағаларын сараптап, нәтижесін шығарды. Ал мектеп директоры мен орынбасарлары "Үздік жас маман-2022" байқауы бойынша әділ қазылар шешімін қорытындылап, жеңімпаздарды жариялап марапаттады.
- ☐ «Бұл ғасыр – тек білімділердің заманы, оны игере алсаң ғана көштен қалмайсың. Білімді бол, ұмтыл алға, жас маман!» деген ұранмен жас мамандарға ақ жол тілемекпіз.

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 19.04.2022 күні 2-сыныптар арасында "Құс-досымыз, қорғаймыз оны біз" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Сынып жетекшілер: Дюсупова Э, Қойшыбаева Г, Кабдулова Р, Ережепова Ж....

Алмалы орта мектебінің 1 сыныптарында 12 сәуір күні "Құстар-біздің досымыз" тақырыбында құстарға ұя жасау марафоны өз мәнінде жалғасын тапты.

☐ Сынып оқушылары ата - аналарымен бірлесе отырып құстарға ұя және жемсауыт жасап, қамқорлықтарын көрсетіп талдарға орналастырды.

☐ Құстарға арнаған өлең жолдарымен, тілектерімен бөлісті.

Сынып жетекшілері: Алмажай Мынжасова, Айнур Байтанова



Қалалық білім бөліміне қарасты "Қыран" Р.Мусин балалар жасөспірімдердің дене шынықтыру клубы ұйымдастыруымен 2022 жылдың 23-24 сәуір аралығында "Жол қозғалысының жас инспекторы" қалалық слетіне Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебі қатысып, "Жас санитар" байқауынан үздік деп атанып, "Жол қозғалысының жас инспекторы" слетінен "Алғыс хатпен" марапатталды.

☐ Жеңістеріңіз құтты болсын! Жас сарбаздар! ☐☐☐

☐ Еліміздің әрбір азаматының өміріне араша түсетін елжанды, Отансүйгіш, қайырымды ұл-мен қыз боп өскейсіндер!



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде

22.04.2022 күні 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 6 «В» сыныптарында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жақсы кітап оқу – ақылды адаммен сырласқанмен бірдей» тақырыбында сайысы өткізілді.

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Әрбір тұлғаның кітап оқу арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту. Оқырманның кітапқа деген ерекше көзқарасын қалыптастыру. Әрбір тұлғаның ой-өрісін кеңейтіп, білім алудағы кітаптың маңыздылығын айқындау, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. Оқыған кітаптың қызықты, мағыналы түйінін анықтау. Кітапхананың белсенді, үздік оқырмандарын анықтау. Оқушыларды білімділікке, адамгершілікке, кітапты бағалай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

6 «а» сынып Жүмекен Нәжімеденов, 6 «ә» сынып Қадыр Мырза Әлі, 6 «б» сынып Мұқағали Мақатаев, 6 «в» сынып Абай Құнанбаев ақындарының шығармаларынан көркемсөз оқып, эссе жазды.

Сынып жетекшілері: Сабирова Р, Сатенова А, Уразова Қ, Досанова С.\



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде Отан қорғаушылар күніне арналған «Ерлік білекте емес, жүректе» тақырыбында ашық тәрбие шарасы өтті.

□ Тәрбие шарасына Ауған соғысының ардагері, интернационалист-жауынгер Құмаров Нұрлан мен ауған жерінде ерлікпен қаза тапқан Мусағалиев Иматтың апасы Ғалия апай шақырылды.

□ Кездесу барысында оқушыларға келген қонақтар осы соғысы, оның қаншалықты қасірет әкелгендігі туралы әңгімелеп, оқушылардың сауалдарына жауап берді.

□ Оқушылар Ауған соғысы туралы бейнебаян көріп, қонақтардың әсерлі әңгімесін ұйып тыңдай отырып, өздерінің аға ұрпаққа тілектерін білдірді. Қонақтардың құрметіне 9 сынып ұлдары гитарамен қостап «Ауған әнін» шырқады.



«Суға түссең абайла, сақтық керек қалайда!»

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың судан сақтану қауіпсіздік шараларын алдын алу мақсатында түсіндірме жұмысын жүргізу.

Шара барысында суға шомылу маусымы кезінде су нысандарында қайғылы жағдайды болдырмау мақсатында балаларды өз еркімен жайық өзені жағалауына үлкендерсіз баруға болмайтындығын ескертілді.

Алайда, су айдындарына жақын орналасқан тұрғындар қауіпсіздік шараларын елемейтіндігі, судағы қауіпсіздік шараларын елемей адам өміріне қауіпті екенін, белгіленбеген орындарда шомылуға болмайтындығы туралы мектеп оқушыларыға бірыңғай қауіпсіздік шарасы өткізілді.



☐ Жолда жүру ережесін сақтайық!

☐ Бүгінгі кездесуде Атырау қаласы полиция басқармасы жергілікті полиция қызмет бөлімі Ювеналды Полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Наурызбай Сүйіндіков Төрегелдіұлының жол қауіпсіздігіне арналған мектеп оқушыларымен бірыңғай іс-шаралар өткізілді.

☐ Мақсаты: оқушыларды білім алу орнына тасымалдауды ұйымдастыруда қауіпсіз жол қозғалысын қаматамасыз ету болып табылды.

☐ Сондай-ақ балаларды мектеп автобусымен тасымалдауды жүзеге асыру барысында жол-көлік оқиғасының алдын-алу. Ескерту белгілері жолдың қауіпті бөлігінің жақындағанын хабарлайды.

☐ Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1) Оқушыларға жолда жүру ережелерімен таныстыру.

2) Жол белгілерінің мағынасын түсіндіру.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінің Балалар жылына орай Атырау облысы білім беру басқармасының Облыстық отбасы үлгісіндегі “Балалар ауылы және жасөспірімдер үй” коммуналдық мемлекеттік мекемесіне барып, қайырымдылық шарасын өткіздік.

□ Мекеме басшысы Гүлсара Амангалиевна Алмалы орта мектебінің тарих-құқық мұғалімі Л.Ильясованың жетекшілік етуімен ұстаздар қауымының демеушілігімен “Еріктілер тобы” және жеке кәсіпкер, химия пәнінің мұғалімі Гүлнар Жаңабайқызын ризашылықпен қабылдады.

□ ”Берсең балаға бер” демекші, балаларға арналған түрлі әдеби кітаптар мен спорттық құралдар, тәттілер қоржынын сыйға тарттық.

□ Балалар да өздерінің қолдарынан дайындалған түрлі тағамдар ұсынып, қонақжайлығын көрсетті.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде балалар жылына орай шағын орталық топтарында "Гүлге арналған аула" тақырыбында тәрбиеленушілермен ойын алаңындағы отырғызылған гүлдерді суарып, топырағын қопсытып көктемгі еңбек жұмыстарын орындады.

□ Мақсаты: Өсімдіктер туралы білімдерін кеңейте отырып, гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке құрылымын ажыратып, атай білуге үйрету. Танымдық қабілеттерін дамыту. Гүлдерді күтіп баптау ережелерімен таныстыру. Табиғатты қорғауға, адамгершілікке, ұқыптылыққа, бастаған ісін аяқтай білуге тәрбиелеу.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінің биылғы балаларды қорғау жылына орай тарих құқық апталығына байланысты “отбасы -қауіпсіз мекені” тақырыбында 10- сынып оқушыларының ата- аналарымен бірлесе отырып сынып жетекшісі Ляззат Талғатқызының пікір сайыс шарасы өтті.

□ Мақсаты: Отбасындағы зорлық зомбылықтың алдын алу , балалардың құқығын қорғау , жалпы отбасындағы алғашқы ұстазы ата -ана екендігін түсіндіре отырып, отбасындағы тәрбие бала құқығын насихаттай отырып, жауапкершілікті түсіндіріп ата -аналар топқа бөлініп өздерінің пікірлерін айтып постер қорғап, ән айтып, әртүрлі ойындарға қатысып, Отбасындағы ата-ананың балаға деген махаббатымен мейірімін түсіндіру.

Балалар жылы аясында Шағын орталық тобындағы ертеңгілік "ҮЙШІК" ертегісі. Жалпы білім беретін Алмалы Орта Мектебі жанындағы Шағын орталық тобында тәрбиеленушілердің орындауындағы "Үйшік" ертегісі қойылымы болып өтті.

□ Мақсаты: "Үйшік" ертегісімен таныстыру. Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы, сөздік қорын, ойлау қабілеттерін дамыту. Ертегіні сахналау барысында кейіпкерлердің бейнесіне еніп, балаларды достыққа, татулыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

□□ Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 12-мамыр күні "Ұланымыз ұлы елдің" тақырыбында "Жас Ұлан","Жас Қыран" ұйымына салтанатты түрде оқушыларды қабылдау шарасы өтті.

□□ Салтанатты шара барысында оқушылар ант қабылдап,елінің патриоты болуға,тілін,дінін,салт-дәстүрін құрметтеуге,еліне адал болуға салтанатты түрде ант берді.

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 29.04.2022 жылы 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай ұйымдастырылған "Достық пен бірліктің мекені-Қазақстан"! атты мектепшілік шара өтті.

□ Бұл шараға Шағын орталық МАД тобы 1,2,3,4,5,6,7,8- сыныптар қатысып әр ұлт өкілдерінің биін биледі.

□ Шара өз деңгейінде өте жақсы өткізілді.

□ Мақсаты:1-мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу,ынтымаққа,достыққа,өз Отанының сүйеге,қорғауға тәрбиелеу.

□ Біздің елімізде тұрып жатқан басқада халықтардың озық мәдениетін,өзіндік үлгі-өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.



□ Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде 16.05.2022 күні сынып жетекшілер бірлестігі бойынша апталықтың ашылуы өтті.

□ Тақырыбын «Үштікті ұштастырған тәрбие» -деп ала отырып, ата-ана, сынып жетекші, оқушы арасындағы ынтымақтастықты көрсету мақсатында түрлі шаралармен апталық жоспар жасақталды.

Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде "Үштікті ұштастырған тәрбие" атты сынып жетекшілер апталығында "Адалдық пен сыпайылық-шынайы адам келбеті" тақырыбында семинар өтті.

□ Мақсаты: Балалардың қауіпсіз даму жағдайларының іске асыру мақсатында балалардың құқықтарын қорғау, отбасындағы зорлық-зомбылық пен агрессияның алдын-алу.

“Адалдық пен сыпайылық-шынайы адам келбеті” семинар бағдарламасы

16:00 - «Сәлемдесу», «Кедергілерден өту» (тренинг) - Г.Надирханова

16:10 - «Адалдық пен сыпайылық шынайы адам келбеті» (ой талқы) – А.Сәтенова

16:20 –"Отбасы-қауіпсіздік мекені" (Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, балалар құқығын қорғау мақсатында түсіндірме жұмыс)-Л.Ильясова

16:40-«Жағдаяттарды шешу» – А.Сәтенова

17:00 – «Адалдық пен сыпайылыққа апарар жол» (топтастыру тапсырмасы)- С.Әбуғалиева

17:20 – Қорытындылау. Кері байланыс.



Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебінде "Үштікті ұштастырған тәрбие" атты сынып жетекшілер апталығында мектепшілік "Екі жұлдыз" байқауы өтті.

□ Мақсаты: Ата-ана оқушы, сынып жетекші арасындағы байланысты нығайту.

Байқауға қатысушылар жүлделі дипломмен марапатталып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Мектебімізде "Үштікті ұштастырған тәрбие" тақырыбыдағы сынып жетекшілер апталығы аясында өткізілген көңілді старт...



СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!

- ☐ Бүгінгі соңғы қоңырау салтанатты жиынында мектебімізден тағы бір түлектер үлкен өмірге қанат қакты.
- ☐ 2022 жыл "Балалар жылына орай мерекелік шарада жыл ішінде шығармашылық қабілетін көрсете білген оқушылар мен олардың жетекшілеріне құрмет көрсетілді.
- ☐ Сонымен қатар мектебіміздің оқу озаттары мақтау қағазымен марапатталды.
- ☐ Сәт сапар, жас түлек. Сіздерге ақ жол тілейміз!!!



Мектебімізде Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына арналған тағзым сабақтары өткізілді.



«1-маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні»

□ Балаларды қорғау дегеніміз - әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз.

□ 1 - маусым 1950 жылдан бастап, Халықаралық балаларды қорғау күні болып келеді. Біздің Қазақстан Республикасында балалар құқығы заңмен бекітілген. Әр бала, балабақшаларда, мектепте мемлекет тарапынан тегін тәрбие мен білім алуға құқылы.

□ «Балаларды қорғау күні» туралы түсініктерін бекіту. Ойын - сауықта өлең айтып, би билеу арқылы белсенділіктерін арттыру. Балаларды өзін құрметтеуге, әлеуметтік мәнділік сезімін, жеке тұлға ретінде көрсете білуге тәрбиелеу мақсатында балалар жылына орай, Алмалы орта мектебінде 1- маусым балаларды қорғау күніне арналған «Бала деген бір бақыт» тақырыбында мерекелік шара өтті.

Мерекелік шараны мерекелік құттықтау сөзімен мектеп директоры Айгүл Мақсатқызы ашты.



□ “ Жеті лақ” ертегісі Оқуға құштар мектеп жобасы аясында 2-а сынып жазғы бейіндік лагерь демалушылары арасында өткізілді. Жетекшісі Кабдулова Рахила



□ Мақсаты: Оқушылардың көркем шығармалар арқылы тіл байлығын, ауызекі сөйлеуін дамыту. Ертегіні дауыс ырғағын келтіре отырып мәнерлеп оқу, рөлге бөліп ойнау, баланың шығармашылық қабілетін арттыру. Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату.

2 - б сынып оқушыларының Оқуға құштар мектеп жобасы аясында жазғы мектеп бейіндік лагерь демалушылары арасында өткен "Қарлығаш пен Дәуіт " ертегісі.

Жетекші Ережепова Жанаргүл.

□ Мақсаты: Оқушылардың тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін, ертегіні сахналау кезінде өздерін өздері ұстау, еркін сөйлеу, мәнерлеп сөйлеу, еркін қозғалу, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкерді ажырату.

